

Ш. Жанадилов¹, А.С. Биболова², О.Ж. Ташимбетова¹
А.Т. Туганбаева¹, З.А. Бекназарова¹

¹Қ.А. Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, Шымкент, Қазақстан

²Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент, Қазақстан

(E-mail: Janadilov7@yandex.kz, Bibolova1949@mail.ru,

t.ora64@mail.ru, Tugambaeva-alia@mail.ru, Beknasarova75@mail.ru)

Тектілік пен тексіздіктің салыстырмалы сипаттары және қалыптасу тетіктері

Аңдатпа. Мақалада әртүрлі қоғамда оның даму ерекшеліктеріне байланысты тектілік және тексіздік ұғымдарының қалыптасу тетіктері талқыланған. Қазақтарда және Ресей империясында бұл ұғымдарды салыстырмалы қолдану ерекшеліктері қарастырылған. Тектілік немесе рухани өзек, діңгек Адам ата мен Хауа анадан бастап әрбір адамға ата-баба арқылы өтіп отыратын рухани тазалық дәрежесінің деңгейі болып келеді. Әрбір жеке адамның, ұлттың адамгершілік деңгейі тектілік қасиетіне тікелей байланысты. Рух ұрпақтан ұрпаққа тек қана еркек арқылы өтіп отырады.

Түйін сөздер: тектілік, тексіздік, құл шаруалар, неке, қазақтар, Ресей.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2022-14-4-119-126>

Кіріспе

Қазақ ұлтының бір ерекшелігі басқа ұлттармен, соның ішінде түркі тілдес субъектермен салыстырғанда, тек қазаққа тән, басқа ұлттардың тілінде түсіндірілуі қиындау болып келетін терминдер баршылық. Сол терминдердің әлі толық талдауын таппағандарының ішінде тектілік және тексіздік ұғымдары да бар. Қол жетімді әдебиеттерде тектілік және тексіздік ұғымдары туралы түбегейлі зерттеуді, соның нәтижесінде олардың ұғымын толық түсіндірген түбегейлі еңбек саусақпен санарлық болып шықты. Әсіресе қазіргі кезде тектілік және тексіздік ұғымдарын дұрыс түсіну қоғамның дұрыс қалыптасуының негізін құрайтын, қоғамдың рухани деңгейін көрсететін түбегейлі ұғымдар болып табылады.

«Қазақ энциклопедиясында» «Тектілік – адам бойындағы асыл қасиеттердің парасаттылық-тың үлгісі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа

рухани сабақтастықпен берілуі тектілік құбылысы жақсы адамның кездейсоқ қалыптаспайтынын, ата-бабалардан берілетін дүниетанымдық, ділдік, психологиялық т.б. бейімділіктері болуға тиістілігін көрсетеді. Нағыз тектілік сыпайылықтан, кешірімпаздықтан, мейірбандықтан көрініп, осы ізгі ниетпен ешкімді төмендетпей, шеттетпей биіктеуге мүмкіндік береді. Халқының, Отанының мүддесін жоғары, қоя білген адамдардың қатары көбейген сайын тектіліктің де қадірі артып, қоғамдағы қайшылықтар шешімі жеңілдейді» делінген. [1]. Бұл анықтамада адамға тән барлық жақсы қасиеттердің бәрін жиі ақтап олар тектілік қалыптастырады деген қортынды көрінеді. Ал қазақтың түсінігінше тектілік пен тексіздіктің тек қана өздеріне тән белгілері бар. «Текіден текті туады,

Тектілік тұқым қуады» - деп жазады Бекасыл әулие. [2]. Олай болса тектілік ата-бабадан келе жетқан адами қасиеттердің ұрпақтан

ұрпаққа өтуін де қамтамасыз ететін феномен болып табылады. Біз қазіргі кездегі қол жетімді мәліметтерді талдай келе тектілік пен тексіздіктің сипаттарын салыстырып, олардың қалыптасу тетіктеріне көңіл бөлуді алға қойдық.

Зерттеу әдістері

Ресми ұйымдардың, соның ішінде Бүкіл дүние жүзілік денсаулық сақтай ұйымының, адам және оның денсаулығы туралы ресим анықтамаларын негізге ала отырып, оларды нақтылау үшін өзіміз ұсынған кейбір түсініктемелерді пайдаланып «тектілік пен тексіздік» ұғымдарын негіздеуді алдымызға міндет етіп қойып, осы мақаланы сол мәселені талдауға арнадық.

Талқылау

Адам екі топ қасиеттерден: биологиялық (пенде, жан) және әлеуметтік (кісі, тұлға, рух) құралады. Осы екеуінен адамға тән үш бөлік: тән (организм), психика (ақыл-ес) және әлеумет (кісі, тұлға) қалыптасады. Осы үшеуі қосылып адамның денсаулығын құрайды. [3].

Әл Фараби барлық жанды нәрсені үш топқа: «өсімдік, жануар және адам»-деп бөледі. Өсімдіктің өсуін оның жаны (гені) және денесі (құрылымы) қамтамасыз етеді. Жануарларда жүйке жүйесі қалыптасуына байланысты бұл екеуіне қосымша ақыл қалыптасады. Ал адамда бұларға қосымша материалданбаған нәрсе ес және рух болады [4].

Сонымен барлық жанды нәрселердің гені, жаны бар. Бұл туралы Құранда келесі ақпарат жазылған: «Жер бетіндегі нәрселердің барлығы Алланың жаратқаны, олардың қоректенуі, тіршілік етуі, өлімі өздеріне ұқсас. Олардың барлығы Кітапта (Лаухул-махфузда) түгел жазылған. Олардың барлығы Раббыларының алдына жиналады». (6-Ән-Әнғам сүресі. 38 аят). [5].

Қазіргі кезде тек қана жаннан, гендік ақпараттан тұратын вирустар анықталды. Олардың денесі болмауына байланысты өздері қоректені алмайды, басқа жандылардың

есебінен қоректенеді. Сол себептен оларды «арамтамақтар» деп атайды. «Арамтамақтар» дегеніміз басқа жандылардың есебінен өзінің тіршілік етіп (қоректеніп) күн көруін (көбею) жүзеге асыратын жандылар.

Адамның басқа жандылардан өзгешілігі рухани негізде қалыптасқан кісілік қасиетінің болуы. Адамның бойындағы пенделік (биологиялық) қасиеттері оның 40%, ал кісілік қасиеті 60% болмысын құрайды. Осыған байланысты қазақ жаңа адаммен танысқанда оның пенделік қасиеттерінің дәрежесін анықтау үшін: «Тегі қандай?» - деп сұрақ қойса, ал кісілік қасиеттерін «көргенділік» дәрежесімен анықтаған. Текті адамды «көргенді», ал тексіз адамды «көргенсіз»- деп атаған. Адамның негізгі сипаты оның кісілік қасиеті болуына байланысты қазақ адамды осы қасиеттің көрінісі арқылы бағалайды. [6]


Әрбір ұлттың тектілік туралы түсінігі сол қоғамның даму ерекшеліктеріне байланысты қалыптасады. Жалпы Еуропада тектілік ұғымының қалай қалыптасқанын Ресей империясының мысалы негізінде қарастырып көрейік.

Құлдық құқық (крепостное право) орыстарда XI ғасырдан бастап қалыптаса бастады. Бұл құқық 1497 жылы Иван III патшаның жарлығымен рәсімделіп, 1981 жылы оны жою туралы жарлық шықты. Ресей қоғамында осынша уақыт құлдық болуына байланысты қоғамды тек қана екі: «тектілер, ақсүйектер (дворянин, господин) және тексіздер, құл шаруалар (крепостные крестьяны)»- деп топқа бөліп қарастырды. Мысалы 1833 жылы жарияланған «Мемлекеттегі адамдардың жағдайы туралы» заңдар кодексінде шаруалар мен қосылқы қызметкерледі жазалау, олардың жеке басына билік ету, соның ішінде некеге рұқсат беру немесе тыйым салу құқығын жариялады. Жер иесі барлық шаруа мүлкінің иесі болып табылды. Ресейде құлдық құқықты жою қарсаңында құл шаруалардың (крепостные крестьяны) орташа үлесі 34,39% болса, кейбір губернияларда (Смоленск, Тула) ол халықтың 69% құрады. Еуропада құлдық құқық жойылғанан кейін жұрттың бәрі «бірдей болып теңесті» деген ұғым қалыптасып әдебиеттерінде тектілік және тексіздік тура-

лы түбегейлі талдау жоқтың қасында болды. Қазіргі Еуропада адамның табиғатына тән емес болып жатқан былапыттар тектілік және тексіздік туралы түсініктің дұрыс қалыптаспауының нәтижесі болып табылып тұр. [7.8.9.]

Қазақта қолға түскендерден басқа құлдар болған емес. Сондықтан қазақ тектілік және тексіздік ұғымдарына тек қана адам бойындағы адамгершілік, кісілік қасиеттердің дәрежесіне қарай анықтаған.

Сонымен тектілік дегеніміз жеке адам бойындағы кісілік қасиеттің көрсеткіші болып келеді. Тексіздік дегеніміз адамда кісілік қасиет асау белгісі екен. Тексіздіктің екі түрі (туа және жүре пайда болған) бар.



Туа пайда болған тексіздерге басыбайлы құлдар және некесіз туған балалар жатады. Басыбайлы құлдар неге тексіз деп аталады?

Оның себебі жоғарыда көрсетілгендей сол мемлекеттің заңына сәйкес олардың кісілік құқығы басқаларға берілген. Осыған байланысты олардың кісілік еркіндігі, азаттығы, бас бостандығы жоқ. Ол кісі есебінде өз еркімен шешім қабылдай алмайды. Мысалы Рим империясындағы құлдар, Ресейдегі құлдық құқық, бостандыққа дейінгі АҚШ-тағы құлдық, еврейлердің Египет фараонындағы құлдық кездері. Қазақтар айтқандай: «Есектің күші адал, еті арам» -деп, құлды пенде есебінде қолданады, ал бірақ оның бас бостандығы туралы құқығы жоқ. Себебі иесіне оны еркінсіз сатуға, өлтіруге дейін құқық берілген. Құлдың кісілік құқы жоқ болуына байланысты оның айтқаны бос сөз болып табылады. Бұл туралы қазақ: «Бидің айтқанын құл да айта алады, бірақ оның аузы дуалы емес (ақпарттық құны жоқ)»- деп тұжырымдаған.



Некесіз туған бала неге тексіз деп аталады? Мына ұрық қалыптасу үлгісінде көрсетілгендей бала тектік ақпараттың 50% әкесінен 50% анасынан алады.

Оның әрқайсысындағы 50%-дың 30%-ын кісілік қасиет, ал 20%-ын пенделік қасиет-

тер құрайды. Егер бала некеден дүниеге келсе онда оның бойында ақпарат 100% толық болады. Ал егерде бала ойнастан туса онда оның бойында анасынан алатын 50% ақпарат толық болады да, әкесінің 20% пенделік қасиеті ғана беріледі. Әкесі мен анасы некеге тұрмағандықтан оның биологиялық әкесінің кісілік қасиеті берілмейді. Некеден және некесіз қалыптасқан ұрықтың үлгісінің мысалының негізінде бұл үдеріс №1 және №2 суреттерде сызылып көрсетілген (№1, 2 суреттер)

Неке дегеніміз ата-ананың ризашылығымен шаңырақ көтеріп, отау құру. Қазақта «Құданы Құдай қосады», орыстарда «Неке көкте қиылады (Браки совершается на небесе)» деген мәтелдер бар. Құранда бұл туралы келесі ақпарат жазылған: «Адамдарға ата-анасына қарайласуды бұйырдық. Анасы күнен күнге әлсіреп, оны көтеріп жүріп, омыраудан айырады. Маған және әке-шешене шүкіршілік етіңдер. Қайтар орның Мен жақ». (31-Лұқман сүресі 14 аят). Бұл аятта жазылғандай әке-шешенің дәрежесі Алладан кейін екінші орында тұр. Осыған байланысты әке-шешенің ризашылығынсыз отау құруды «неке» деп атау қиынырақ болар.

Ойнастан туған балаға, некеге тұрмағанға байланысты әкесінің 30% кісілік қасиеті толық берілмейді. Мысалы, бұл «ақша беремін» деп айтып бермей қойған сияқты. Ақша берілмесе ақша болмайды ғой. Дүниеге келген бала әкесінің кісілік қасиетін толық алмауына байланысты, оның кісілік қасиетінде кемістік пайда болады. Есептеп көрсек мұндай балада кісілік қасиет толық болмайды. Бұл туралы киелі Кітаптарда келесі ақпарат жазылған: «Ойнастан туған бала және оның оныншы ұрпақтары да Құдайдың алдына қайта алмайды». [10].

Осы жерде тектілікке тікелей қатысты туыстық туралы жаза кетейік. Туыс деген сөз адам туылғаннан кейін оның басқалармен қоғамдағы қатынастың бір түрі болып келеді. Адам екі бөліктен: пенде және кісі құралуына байланысты туыстықтың да екі түрі: пенделік (биологиялық) және кісілік (рухани) бар.

Биологиялық туыстық тектік, гендік ақпарттары (жандары) ұқсастығы арқылы

анықталады. Мысалы, қазір көп қолданып жүрген ДРҚ арқылы анықтау. Тектік ақпаратты (жан) негізінен қанда анықтайды. Бұл туралы киелі кітаптарда келесі ақпарат жазылған: «4. жандының етін қанымен жеуге болмайды; 5. Мен сенің жаныңды алу үшін қаныңды тоқтатамын, ...» (Библия Бытие. 9:4,5.) «Сендерге: өлексе, бауыздалғанда аққан қан, бауыздалмаған малдың еті, доңыз еті және Алладан басқаның атымен бауыздалған мал еті арам етілді». (5- Әл-Мәида сүресі. 3 аят.) Себебі аққан қанды жесе жан жегенмен бірдей болады. Етті асқан кезде оның бетіне шығатын көбіктері қанның еттен бөлінгенінің белгісі, яғни ет қаннан тазарғаны. Осыған байланысты биологиялық тектес адамдарды туыс+қан, қаны тектес адамдар деп атайды. Құрсақтағы балада алғашында қан түйіршіктері бауырда, кейіннен ересек адамда сүйектің кемігінде пайда болады. Сондықтан қазақ туысқан адамды «бауырым» деп атайды. Қазақта «сүйегіңді қорлама» деген сөз тіркесі бар. Қан сүйектің кемігінде пайда болуына байланысты бұл сөз тіркесі «қаныңды қорлама», «ата-анаңа жаман сөз тигізбе» деген ұғым білдіреді.

Биологиялық тұрғыдан адамдардың некелесіп отау құруы туысқандық белгінің жоғалғаны болып табылады. Бұл әрбір ұлттың салт-дәстүріне, адамгершілік түсінігіне байланысты. Құран түскен кездегі араптардың табиғатына, салт-дәстүрін ескере отырып келесі нұсқау жазылған: «Сендерге еркек және әйел туысқандырыңның қыздарына үйленулеріңе болмайды» (4-Ән-Ниса сүресі 23 аят). Адамдар некелескенде әкесі және шешесінің тектері неқұрлым алыс болса онда бала дені сау, ақыл-есі қажетті деңгейде болып туылады. Жеті саны киелі сан болуына байланысты қазақтар «жеті атадан» қыз алысуға тоқталған. Биологиялық тұрғыдан ұрпақ жалғастыру үшін жеті атадан соң отаса беруге рұқсат етіледі.

Қазақта келесі сөз тіркесі бар: «Өзіңнен тумай ұл болмайды,». Туысқан балу үшін қаны тектес болу керек. Ол туралы Құранда мына мысал бар. Пайғамбар Мұхаммед (с.ғ.с.) ұл балалары тұрмағаннан кейін құлы Зәйдті құлдықтан босатып, асырап алып, оны жиені

Зейнепке үйлендіреді. Кейін Зәйд Зейнеппен ажырасқанда, Мұхаммед (с.ғ.с.) Зейнепке өзі үйленеді. Кіндігінен шыққан баланың әйеліне (келініне) үйленуге болмайды, ал Зәйд асыранды болуына байланысты оның әйеліне үйленуге рұқсат етілген. Бұл мысал тектес болмаса туысқанға жатпайтынды көрсетеді. Бұл туралы Құранда келесі ақпараттар жазылған: «37. Алла бақ берген өзіңнің де ықыласың ауған бір адамға (Зәйдке) кезінде сен: « Алладан қорқатын болсаң жұбайыңмен ажыраспа!», - деп едің, Алланың жарияла деп тұрған нәрсесін көңліңде жасыруда едің. Адамдардан қорықпай негізінде Алладан ғана қорқу керек. Зәйд жұбайымен ажырасқан кезде (жұбайы Зейнепке) саған некелесуге, мүміндерге, асырап алған балаларының әйелдеріне үйленуге болады. Алланың (Зейнепті алуы туралы) әмірі орындалды. 40.Мұхаммед (с.ғ.с.) сендерден ешбір еркектің әкесі емес. Ол Алланың елшісі және ақырғы пайғамбар. Алла барлық нәрсені толық білуші». (33-Әл-Ахзаб сүресі).

Туыстықтың екінші түрі кісілік деңгейде жүзеге асырылады.

Басқа ұлттардан ерекше түркі халықтарында достар туысқан болу үшін қандарын сүтке тамызып араластырып ішетін болған. Бұл туралы Шәкәрім Құдайбердіұлы «Қазақтың түп атасы» атты поэмасында былай деп жазады:

*«Осы кез біздің «қазақ» атанғандық,
Түрікте бір әдет бар ескі заңдық –
Тамызып, қанын сүтке қосып ішіп,
«Анда» деп жасайды екен туысқандық.

*Туысқа анда болған қарамайды,
Жақын деп қан қосылмай санамайды.

Ішсе де қай ұрумен қанын қосып,
«Бір туған жақыным» деп бағалайды.» [11].

Бұл жағдайда да іс-әреkte «қан» арқылы жүзеге асырылады. Бұл туыстық сол достар арасында ғана болады, ары қарай жалғаспайды.

Адамның басты кісілік (рухани) қасиетінің негізінде де деңгейі өте жоғары мәңгілік сақталатын туысқандықты жүзеге асыруға болады екен. Мұндай туысқандық өте сирек кұбылыс. Оның негізін Қоңыр Сопы әулие қалап, жүзеге асырған.

Қоңыр әулие кезінде Хивада діни білім алып кейіннен Түркістан аймағында сопылардың басшысы болған кісі. Хивада Қоңыр Сопы мен Бекет ата мүзейі бар. Қоңырдың сопылық ағымның ішінде өзінің докторинасы болған адам. Ол кісі ұсынған қағида бойынша барлық іс-әрекет адамды «бірлікке» алып келуі керек. Сол бірлікте іске асырудың бір белгісі немере ағайынды үшеуінің баталасып «бірлікке» жеткізетін туысқандықтың жоғары «рухани (мәңгілік)» дәрежесіне көтерілуі.

Қоңыр Борай мен Жиенбетке немере аға болып келеді. Олардың әкесі Байқошқар қалмақтармен соғыста қайтыс болып, Қоңыр екі немере інісін қамқорына алып үйлендіреді. Ағаларының қамқорлығына риза болған екі інісі ақ түсті жылқы сойып соның «қанына» қол батырып «уәделі, рухани туыс» болуға келіседі. Ол жылқы сойған жер Иқансу. Иқансу киелі аймақтардың бірі ішкі Түркістанның географиялық ортасы болып саналады. Баталасқан ағайынды үшеуі: Қоңыр-Борай-Жиенбеттен тараған ұрпақтар рухани туысқандар болуына байланысты «Үш атадан» тарағандар арасында қыз алысуға тиым салынған.

Тексіздіктің екінші түрі жүре қалыптасады. Кісі өзінің тіршілік өмірінде уәдесінде тұрмаса, өтірік айтса, арам нәрселер жасаса онда оның кісілік қасиетінің мөлшері азайып, ол тексізге айналады. Әлеуметтік деңгейде тәрбиеге байланысты еркектен «кісі» немесе «қатын» қалыптасады. Қазақта сөзінде тұрып, айтқанын орындаған рухы таза текті еркекті «кісі», ал айтқанын орындамайтын, өтірік айттып өзін тексіздікке жеткізген еркекті «қатын» деп атау қалыптасқан. Сондықтан сөзінде тұрмаған еркекке қазақ: «басыңа жаулық салып алғаның дұрыс болар еді», елді дұрыс басқармаған кісілер туралы «қатын билеген ел қаран қалады» деген тұжырымдар айтуы осыған байланысты.

Адамның пенде бөлігінің негізгі міндеті ұрпақ қалдыру болуына байланысты бұл деңгейінде адамды «еркек» және «ұрғашы» деп бөледі. Қоғамдық деңгейде еркек кісі, ал әйел бике деп аталады. Бике егерде тек қана бұтымен жұмыс істесе «ұрғашы», ал алдымен басымен жұмыс істесе «әйел» деп аталады.

Қазақ барлық уақытта «ер кісі» деп атайды, ал «әйел кісі» деген сөз тіркесе қолданбайды. Оның себебі жаратылған Адам еркектің аты, ал әйелдің аты Хауа. Осыған байланысты рухани қасиет табиғаты ер тектес болып келеді. Адамды Ібілістің азғыруына көндіріп, оның рухани ластануына себепші болған Хауа Ана. Сондықтан түркі тілдес қоғамдарда «рухани азғындаған, адамгершілік, кісілік қасиетін төмендеткен» еркекті «қатын» деп атау осыдан болар.

Еркек басшы болғанымен оның кісілік қасиеті төмендесе (қатынға айналса) онда қол астындағылар сорлайды. Ел басқарған «кісілер» және «қатындар» айырмашылығын өздеріңіз күнделікті көріп отырсыздар. «Кісілер» басқарған мемлекеттер гүлденіп, халқының жағдайын жақсартып жатыр, ал «қатындар» билеген ұлттар құрдымға, жойылуға бет алып бара жатыр.

Бике туғанда «ұрғашы» деп аталады. Егерде ол қажетті деңгейде тәрбиеленіп өзін, басқаларды сиялай алатындай дәрежеге жетсе, жасөспірім кезінде қыз, ол күйеуге шыққаннан соң «әйел» деп аталып инабатты келін, құметті ана, қадірлі әже деңгейінде көтеріледі. Ал ұрғашыны ата-анасы, қоғам қажетті деңгейде тәрбиелей алмаса, онда ол көргенсіз болып өсіп, сол «ұрғашы» деңгейінде қалады. Ұрғашы күйеуге шыққанымен ол келін, ана, әже деңгейіне дейін көтеріле алмайды. Қазақтың қыздың тәрбиесіне асы көңіл бөлуі, «берекенің бәрі қызбен кетеді» деп тұжырымдауы, қызды төркінінде төрге шығарып отырғызуы осыларға байланысты.

Мұны тереңірек түсіндіру үшін қазақтың: «Қыз күнінде бәрі жақсы, жаман қатын қайдан шығады?» деген мәтелін талдап көрейік. Қыз күйеуге шыққанға дейін негізінен ата-анасымен бірге болады. Ата-анаға терең байқамаса перзенттерінің кемшілігі анық көріне бермейді. «Келін» деген сөздің түбірі «келу», яғни қыз басқа жұртқа келді. Ал бұл жерде келіннің әрбір істеген әрекеті нәтижесіне қарап бағаланады. Егерде ол қыз кезінде көргенді, бапталған, үйретілген болса, онда оның істеген істері берекелі болады. Мұны қазақ: «қыз қылығымен» деп тұжырымдаған. Егерде

келіннің іс-әрекеттері берекесіз болса, дұрыс нәтиже бермесе онда оның көргені жеткіліксіз болғаны. Бұл жағдайда «текті қыз» «тексіз, көргенсіз келін» болып шыға келеді. Осылайша барлығы қыздың көргенділігінің дәрежесіне байланысы болып келеді.

Қазақ: «Жақсы әйел аман еркекті ер етеді, жаман әйел жақсы еркекті жер етеді» деп айтуы тікелей қыз тәрбиесіне байланысты. Бірақта еркек немесе әйел «тексіз болса», өзінің кім екенін біліп түзелуге ниет етпесе оған ешкім көмектесе алмайды. Еркегін силамаған, оны пір тұтпаған жұбайы әйел деңгейіне көтерілмеген, «ұрғашы» деңгейінде қалып қойған бике болып табылады. Сондықтан негізгі көңілді қыз тәрбиесіне аудару керек. Балаға мейірімділік беретін анасы. Егерде әйел «ұрғашы» деңгейінде қалса, онда одан туған балалар мейірімсіз болып өседі. Ұятсыз әйелден ұятсыз бала туады. Бұл қазіргі қоғамымызда байқалып отырған үлкен қасіреттің бірі. Ал қазіргі кезде қазақтың қыздары көрінгеннің құшағында кетіп жатқанында, қазақ ұлтын сақтап қалу өте күманды.

Ежелгі уақытта қазақтар ұлтты да қанша ұрпақтан үйленуге рұқсат берілуіне байланысты «текті және тегі азғындай бастаған» деп екі топқа бөлген. Текті ұлттың белгісі жеті атадан ары қарай үйлену болып табылады. Ал одан төменгі деңгейде үйленсе ол ұлттың биологиялық тектілігінің азғынандуына әкеліп соғуы мүмкін. Мұның негізгі белгісі ұлт ішінде тұқым қуалайтын және басқа да созылмалы сырқаттардың жиілігі болып табылады.

Қазақ тектілікке байланысты «Қара қытай қаптаса, сары орысқа жылап көрісесің» деген сөз тізбегі бар. Қытайлар монголиод нәсілі, яғни сары түсті, олар өздерін «хуань (сары)» деп атайды. Ал «қара қытай» деген сөз тіркесі қалай пайда болған және нені білдіреді. Ар ұяттан арылып, имандылықтан жұрдай болған және діпшің не екенін өздері түсінбей «соқыр сенімге» бас ұрып «дүмше молдаға» айналған қазақтарды «қара ниетті» деп белгілеген. Ал қазақ үшін ең үлкен қауыптің бірі көрші қытай болғандықтан, дүниеге құнығып, ұрпағының болашағын ақшаға айырбастап адамгершіліктен айырылған және «дүмше молда» болып кеткен қазақтың бөлігін ба-

баларымыз шартты түрде болашақта «қара қытайға айналады» деп белгілеп, осы сөз тіркесіне жасырып өсиетке қалдырған. Осыған байланысты «қара қытай» сырттан келмейді, ол өзіміздің азғын қазақтар тобы. Сондықтан қазір қазақтың басына «қара қытай» қаптаған дәуір қалыптасып келе жатыр. «Қара қытай» дегеніміз өзіміздің азғын қазақтар. Қазақ айтқан: «Іштен шыққан жау жаман», «дүмше молда ел бұзар» деген сөз тіркестері көрсеткендей қазақ ұлтына ең қауіпті осы өздерін тексіздікке жеткізген қазақтар болып тұр. Оның ішінде дүниеге құныққандарды көзбен көруге болса, ал дінді бүркеніп, өздерінің не істеп жүргендерін түсінбейтін «соқыр сенім» жолындағыларды дінді ақиқи таратып жүргендерден ажырату өте қиын. Сондықтан бұл «дүмше молдалар» тобы өте қауыпті. Қазақтың тектілігін толық қанды қалпына келтіру үшін, осы азғын топтармен күресіп, олардың көзін жоюға әрекет ету керек. Онсыз қазақтың тектілігін қалпына келтіріп, ұлт болып сақтап қалу мүмкіншілігі өте неғайбыл.

Нәтижелер

Зерттеудің нәтижесінде тектілік және тексіздік ұғымдарының қалыптасу тетіктерін салыстыра отырып, олардың анықтамасын тұжырымдадық, қандай іс әрекеттер нәтижесінде жеке адамның тексіздікке жол салатынының көрсеткіш, тектілік және тексіздік ұғымдарының қоғамның рухани қалыптасуына әсерін сипаттадық. Тектілік тамыры терең өсімдік тәрізді, тамыр сияқты ол ұлтты қоректендіріп, оның жойылып кетуінен сақтап отырады. Мысалы, жантақ пен қаңбақты салыстырсақ. Жантақтың тамыры бірнеше ондаған метрге кетеді, сондықтан оны дауылың да, құрғақшылық та, басқа да қолаңсыз әсерлер жоя алмайды. Оның гүлі, жапырағы көптеген ауруларға ем. Ал қаңбақ болса тамыры таяз болғандықтан бірінші жел тұрғанда ақ оны қуып кетеді. Оның адамға пайдасы шамалы. Отқа жаққанмен де берекесі жоқ.

Қазақ ұлты тектіліктің арқасында жантақ тәрізді тамырын тереңнен алып, Адам ата мен Хауа анадан бері жалғасып келе жатқан жақсы қасиеттерді бойына жинап, қандай қиын-

шылықтар басына түсседе шыдап, өзінің ұлттық сияптын жоғалтпай келе жатқан қоғам. Қазақ ұлты үшін тектілік сақтау қанында бар нәрсе. Оның себебі Адам үшін иленген балшық Түркістан аймағынан аланған, ал Қазықұрт тауында Адам ата мен Хуа ананың кіндік қаны тамған, қазақ үшін тектілік қазығы қағылған жер бар. Ал империя болып көптеген елдерді бағындырған қоғамдар тектілікті түсінбеуіне байланысты жылдар өте қаңбақ тәрізді адамзат тарихынан өтіп кетіп жатыр.

Қорытынды

1. Тектілік адамдағы кісілік қасиеттің деңгейін көрсететін белгі.
2. Туа қалыптасатын тексіздік баланың ата-анасының біреуінің әлеуметтік қасиетіне ие болмағанан нәтижесі болып табылады.
3. Жүре пайда болатын тексіздік текті болып туған адам өзінің кісілік, адамгершілік қасиеттерін, ар мен ұятын төмендетіп алған жағдайда қалыптасады.

Әдебиеттер тізімі

1. Нысанбаев Ә. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – VIII том.
2. Жолдасбеков М. Бекасыл әулие. – Астана: Күлтегін, 2005. – 222 с.
3. Қазақстан Республикасының Кодексі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2020 ж. шілденің 7-і. № 360-VI ҚРЗ.
4. Аль-Фараби. Трактат о взглядах жителей добродетельного города // Философские трактаты. – Алма-Ата, 1970. – 237 с.
5. Құран. Арабша транскрипциясы және қазақша мағнасы. – Алматы, Дәуір, 2014. – 1216 б.
6. Жанадилов Ш. Қазақ дәстүрлі медицинасының негіздері. – Шымкент, 2019. – 145 б.
7. Blum J. Lord and Peasant in Russia : From the Ninth to the Nineteenth Century. – New York, 1964.
8. Ключевский В.О. Курс русской истории. – 1987. – Т. 3. – С. 167.
9. Ключевский В.О. «Курс русской истории». – 1988. – Т. 4. – С. 295.
10. Библия. Российское библейское общество. – Москва, 2013. – С. 1376.
11. Құдайбердіұлы Ш. Қазақтың түп атасы.

Ш. Жанадилов¹, А.С. Биболова², О.Ж. Ташимбетова¹, А.Т. Туганбаева¹, З.А. Бекназарова¹

¹Международный казахско-турецкий университет имени Х.А. Ясауи, Шымкент, Казахстан

²Южно-Казахстанская медицинская академия, Шымкент, Казахстан

Сравнительная характеристика и механизмы формирования родового древа и безродства

Аннотация. В статье рассматриваются механизмы формирования представлений о родовом древе и безродстве в разных обществах в зависимости от особенностей их развития. Рассмотрены особенности сравнительного применения этих понятий у казахов и в Российской империи.

Ключевые слова: родовое древо, безродный, крепостные крестьяны, брак, казахи, Россия.

Sh. Zhanadilov¹, A.S. Bibolova², O.Zh. Tashimbetova¹, A.T. Tuganbayeva¹, Z.A. Beknazarova¹

¹International Kazakh-Turkish University named after Kh.A. Yasawi, Shymkent, Kazakhstan

²South Kazakhstan Medical Academy, Shymkent, Kazakhstan

Comparative characteristics and mechanisms of the formation of the family tree and rootless

Abstract. The article examines the mechanisms of the formation of ideas about the family tree and rootlessness in different societies, depending on the characteristics of their development. The article considers features of the comparative application of these concepts among the Kazakhs and the Russian Empire.

Keywords: family tree, rootless, serf peasants, marriage, kazakhs, Russia.

Авторлар туралы мәлімет:

Жанадилов Ш. – медицина ғылымдарының докторы, «№1 жалпы дәрігерлік практика» кафедрасының доценті, Қ.А. Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, А. Байтұрсынов көшесі 5а, Шымкент, Қазақстан.

Биболова А.С. – доцент, Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Әл Фараби алаңы 4а, Шымкент, Қазақстан.

Ташиμβетова О.Ж. – «№1 жалпы дәрігерлік практика» кафедрасының оқытушысы, Қ.А. Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, А. Байтұрсынов көшесі 5а, Шымкент, Қазақстан.

Туганбаева А.Т. – «№1 жалпы дәрігерлік практика» кафедрасының оқытушысы, Қ.А. Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, А. Байтұрсынов көшесі 5а, Шымкент, Қазақстан.

Бекназарова З.А. – «№1 жалпы дәрігерлік практика» кафедрасының оқытушысы, Қ.А. Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, А. Байтұрсынов көшесі 5а, Шымкент, Қазақстан.

Zhanadilov Sh. – Doctor of Medical Sciences, associate professor of the department «General practice No. 1», Kh.A. Yassawi International Kazakh-Turkish University, A. Baitursynov, 5a, Shymkent, Kazakhstan.

Bibolova A.S. – Associate Professor, South Kazakhstan Medical Academy, pl. Al-Farabi, 4a, Shymkent, Kazakhstan.

Tashimbetova O.Zh. – lecturer at the Department of General Medical Practice No. 1., Kh.A. Yassawi International Kazakh-Turkish University, st. A. Baitursynov, 5a, Shymkent, Kazakhstan.

Tuganbayeva A.T. – lecturer at the Department of General Medical Practice No. 1., Kh.A. Yassawi International Kazakh-Turkish University, st. A. Baitursynov, 5a, Shymkent, Kazakhstan.

Beknazarova Z.A. – lecturer at the Department of General Medical Practice No. 1., Kh.A. Yassawi International Kazakh-Turkish University, st. A. Baitursynov, 5a, Shymkent, Kazakhstan.